

"2015 - 2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 желтоқсандағы № 1300 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 20 қазандағы № 835 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2015 – 2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 желтоқсандағы № 1300 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін: көрсетілген қаулыға 35-қосымша мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 99-жолмен **т о л ы қ т ы р ы л с ы н :**

«

99	Қазақстан Республикасының әр өңірінен шыққан дарынды балаларды республикалық физика-математика мектебінде оқыту	Қазақстан Республикасының дарынды балаларын мамандандырылған жалпыға білім беру оқу бағдарламалары мен балаларға арналған қосымша білім беру оқу бағдарламалары бойынша оқыту жөнінде білім беру қызметтерін ұсыну	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	«Республикалық физика-математика мектебі» КЕАҚ	009 «Дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу»	302 260
----	---	--	---	--	--	---------

».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі *К.Мәсімов*